

Абельдинов Адай Кунанбаевич «6D041600 – Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық өнерінің даму перспективалары» тақырыбында жазылған докторлық диссертацияға шетелдік кеңесші пікірі

Адай Абельдинов «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық өнерінің даму перспективалары» атты докторлық диссертациясы бүгінгі таңда өте өзекті және маңызды тақырыптардың бірі.

Докторанттың зерттеу тақырыбын кездейсоқ таңдамағанын атап өткен жөн. Адай Абельдинов өзінің шығармашылық және кәсіби тәжірибесі арқылы диссертация тақырыбының өзекті қырларын терең меңгерген. Ол «Қазақфильм» киностудиясында режиссер-аниматор және қоюшы-суретші ретінде қызмет атқарып, қазіргі уақытта «Қазақфильм» жанындағы «Қазақ анимация» шығармашылық орталығында мектеп жасына дейінгі балаларға арналған анимациялық жобаларының көркемдік жетекшісі қызметін атқаруда. Сонымен қатар, анимация өнерін әлемдік деңгейде дамыту мақсатында 2019 жылдан бастап «AMEN» халықаралық анимациялық фильмдер фестиваліне президент ретінде жетекшілік етеді. Сонымен қатар, жас режиссерлерге шығармашылық бағыт беріп, олардың кәсіби дамуына үлес қосып келеді. Осы тәжірибесіне сүйене отырып, ізденушінің диссертация тақырыбының ішкі қыр-сырын жақсы білетінін сенімді түрде айтуға болады.

2019 жылы Польшаның Лодзь қаласында Леон Шиллер атындағы кино мектебінде тағлымдамадан өтті. 2022 жылы IV «AMEN» ХАФФ қазылар алқасының мүшесі ретінде қатысу бұйырды.

Адай Абельдинов докторантура барысында өзінің терең зерттеушілік қабілетін көрсетті. Ол қазақ анимация өнерінің тарихи даму кезеңдерін, қазіргі жай-күйін және болашақ даму перспективаларын зерттей отырып, тақырыпты жан-жақты талдады. Оның ғылыми көзқарасы нақты деректерге негізделген және ұсынылған тұжырымдар шығармашылық әрі тәжірибелік маңызға ие.

Адай Абельдинов зерттеу жүргізудегі ұқыптылығы, тың идеяларға бейімділігі және шығармашылық шешімдер табу қабілеті оның кәсіби деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Ол әрқашан ғылыми этиканы сақтап, зерттеу материалдарын жүйелеп, өзекті мәселелерді шешудің нақты әдістерін ұсынады.

Адай бойындағы шығармашылық ойлау қабілеті, ғылыми ізденімпаздық, жауапкершілік және табандылық оның болашақта ғылым мен өнер саласында елеулі жетістіктерге жетуіне негіз болады деп сенеміз.

Адай Абельдинов зерттеу жүргізу барысында өзін білікті маман әрі ізденімпаз зерттеуші ретінде танытты. Оның ұсынған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары диссертацияның құрылымдық тұтастығын айқындап, тақырыптың өзектілігін толықтай ашып көрсетеді. Зерттеу барысында жасалған нақты тұжырымдар мен қорытындылар өзара қисынды байланысқан, еңбектің мазмұнымен үйлесімді түрде интеграцияланған. Әр бөлімнің алдына

қойылған міндеттер диссертация мәтінінде дәйекті түрде нақтыланып, толық ашылған. Жұмыстың құрылымы мен тақырыптық-мазмұндық жүйесі ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделген әрі маңызды болып табылады.

Жұмыста қазақ анимациясын дамытудағы ұлттық бірегейлікті сақтау мен оны креативті инновациялар арқылы ілгерілету тәсілдері ұсынылған. Бұл идеялар анимация өнері саласында жаңа қадамдарға жол ашады.

Зерттеу нәтижелері қазақ анимация өнерін дамыту бойынша жасалған ұсыныстар, ұлттық анимация мектебін өркендеуге және оны әлемдік деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Әлемдік анимация мектептерінің тәжірибесін қарастыру арқылы автор халықаралық тәжірибенің қазақ анимациясына әсерін нақты талдаған.

Зерттеу қазақ анимациясының дамуын әлемдік анимация мектептерінің тәжірибесімен салыстыра отырып, ұлттық өнерді жаңа деңгейге көтерудің ғылыми негізделген жолдарын ұсынады. Автор Батыс, Шығыс және кеңестік анимациялық фильмдеріне сараптамалық талдау жасап, қазақ анимациясының техникалық және шығармашылық тұрғыдан қай бағытта дамуы қажет екенін анықтайды және бірқатар нақты ұсыныстар береді. Сонымен қатар, ірі елдердің анимациялық білім беру тәжірибесін зерттей отырып, даму сатысында тұрған қазақ анимациясының кәсіби мектебін қалыптастырудың негізгі бағыттары мен өзекті мәселелерін қарастырады. Бұл зерттеу Қазақстан анимация өнерінің білім беру саласына жол көрсетіп, негізгі мәселелерді шешуге айтарлықтай үлес қосады.

Диссертация мазмұнының тереңдігімен, құрылымының логикалық бірізділігімен және ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. Диссертациялық зерттеу жұмысы кірісіпеден, үш тараудан, алты тараушадан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның тарауларының әрқайсысы нақты тақырыпты қамтиды және бір-бірімен тығыз байланысты. Әлемдік анимация мектептерінің тарихи және теориялық негіздерін зерттеу ұлттық анимацияның ерекшеліктерін айқындауға негіз болған.

Адай Абельдинов «Әлемдік контексттегі кәсіби қазақ анимация өнерінің даму перспективалары» атты диссертациялық зерттеуі ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыс өзекті, құрылымы мен мазмұны жағынан жүйелі және кәсіби тұрғыда орындалған.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты Абельдинов Адай Кунанбаевичтің «6D041600 – Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әлемдік контексттегі кәсіби қазақ анимациялық өнерінің даму перспективалары» атты докторлық диссертациясын ашық қорғауға дайын деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

PhD докторы,

Ян Матейко атындағы Краков көркем өнер академиясының профессоры

Роберт Сова

[қолы]

Аударма, құрылым
Сова